



**Жанабек
Ғаламат**

**Павлодар
облысы,
мұғалім**

«Оқу-ағарту саласына жалақы үшін емес, шынайы жүрек қалауымен келген дұрыс. Баланың ой-санасын түсініп, сапалы білім алуға, оқуға деген құштарлығын арттыру - бүгінгі таңда біздің алдымызда тұрған үлкен жауапкершілік»





Жауымбай Қараев

Ы.Алтынсарин ат.
ҰБА бас ғылыми
қызметкері, п.ғ.д.,
профессор

«Елімізде педагогика ғылымы бойынша жүздеген ғылым кандидаттары мен докторлар бар. Қазір ғалымдардың ірі жобаларға эксперт ретінде қатысып қана қоймай, оқу бағдарламаларының, оқулықтардың жазылуына да тікелей араласуы маңызды. Сондықтан педагогика саласының ғалымдар қауымдастығын өскелең ұрпақтың сапалы білімі мен саналы тәрбиесін жаңа белеске көтеру үшін бірігуге шақырамын»



**Ырысбек
Мәуіт**

**«Зерделі»
мектептер желісінің
құрылтайшысы**

«Жеке мектепке де, мемлекеттік мектепке де баланың болашағы ортақ, сондықтан жауапкершілік те ортақ. Біз – бизнес өкілі ретінде өз әлеуметтік жауапкершілігімізді ұғынып қана қоймай, оны одан әрі кеңейтуді жүзеге асырамыз және еліміздің жарқын болашағын тәрбиелеп отырғанымызды терең түсінеміз»





**Нұрлан
Өнербаев**

**ҚР еңбек сіңірген
қайраткері**

«Бәріміз де ойланатын сәт жетті. Біз бабалар қанымен сіңген тектілігімізді оятып, ұрпақтың тәрбиесіне қоғам болып, әулет болып, ата-ана болып жауапкершілікпен қарауымыз керек. Атасының ақылын, әжесінің әдемі ертегісін тыңдап өскен, әкешесінің өнегесін көрген бала өскенде саналы ұрпақтың қатарынан болары анық»





«Ата-ананың таңдауы мемлекеттік және жекеменшік балабақшалардың салауатты бәсекеге қабілеттіліктерін арттырады. Ваучерлік қаржыландыру - ашық процесс, нарықтық тәсіл, ата-ананың балабақшаны таңдау құқығы, балабақшаның жобалық қуаттылығына сәйкес топтарды толтыру мүмкіндігі және конкурстық рәсімдердегі бюрократиялық проблемаларды жою сияқты жаңа артықшылықтар береді»



**Бахытгүл
Сакаупова**

**«Great children»
жекеменшік
балабақшасының
меңгерушісі**

